



Нургазина Зина Сулейменовна

1956 жылы 15 қаңтарда Павлодар ауданының Жолқұдық ауылында дүниеге келген. Б.Ахметов атындағы педучилищесін бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша (1974), Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих мамандығы бойынша толық курсын (1990) бітірген. 1974-75 жылдары Жаңа ауыл 8 жылдық мектебінің, 1986-90 жылдар аралығында Майқарағай орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі қызметін атқарған. 1991 жылдан Лебяжі ауданы Шарбақты орта мектебінің тарих пәнінің жоғары санаттағы мұғалімі. ҰБТ-де 11 сынып оқушылары Қазақстан тарихынан 70-90 пайыз сапа көрсеткішін көрсеткен.

«Педагогикалық шеберлік – 2010» сайысында «Шебер, өнертапқыштық және бейімділік» номинациясын жеңіп алған. «Тарих сабағында интерактивті әдістерді қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру» атты әдістемелік нұсқау шығарды.

Мектеп әкімшілігі тарапы мен аудандық білім бөлімінің, аудан әкімі мен Павлодар облысы білім беру басқармасының Алғыс хаттары мен Құрмет грамоталарымен марапатталған.